

«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

10 сәуір 2020 ж.

Өскемен қ.

ПРИКАЗ

№ *160*

г. Усть-Каменогорск

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, девианттық мінез-құлықтағы балаларға арналған кәметке толмағандарды бейімдеу орталықтарында, ерекше ұстау режимі бар ұйымдарда COVID-19 коронавирусы инфекциясын жұқтыруды болдырмауға қатысты шараларды күшейту туралы

«Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті К. Тоқаевтың 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығын, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 25-ПГВР Қаулысын, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 16, 17 наурыздағы №1, 2 хаттамаларын, «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №123 бұйрығын орындау барысында, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен жарияланған пандемия кезеңінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мекемелердің директорлары мекемелерде санитарлық-дезинфекциялық режимді күшейту бойынша толық шаралар қабылдасын:

1.1. Ағымдағы жылғы сәуір айының соңына дейін күшейтілген ішкі режимге көшсін;

1.2. Ғимарат пен мекеме аумағын міндетті түрде күніне 2 рет дезинфекциялау бойынша шаралар қабылдасын;

1.3. Тәрбиеленушілерді күніне 2 рет тексеруден өткізсін – міндетті түрде дене қызуын өлшеу, шұғыл шараларды қабылдай отырып, суық тию, ЖРВИ белгілерінің болуын тексеру;

005485

1.4. Төтенше жағдай аяқталғанға дейін мекеменің, сондай-ақ мекеме объектілерінде оқу-тәрбиелеу процесінің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлердің (бекітілген 2 апталық кестеге сәйкес) тұруын қамтамасыз етсін;

1.5. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарына балаларды бос орын болған жағдайда медициналық изоляторда 14 күндік карантин жағдайларын сақтаған жағдайда ғана қабылдауды жүзеге асырсын;

1.6. Еңбек шарттарына тиісті өзгерістерді енгізісін, қолданыстағы заңнама талаптары аясында қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуді жүргізісін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары К.А. Оспанғалиевқа жүктелсін.

Басқарма басшысы



С. Жумадилова